

ИП «Байгонукова Э.Я»

Байгомусова З.Я. ИДН 790416450488

Менгеруш

№ 21) 04.04.2015 Ж.

Тақырыбы: "«Балабақшаға алғашқы қадам. Баланың балабақшаға бейімделуі»
Кіші «Ақбота» тобы

2024-2025 оқу жылы

«AL-Adil» бөбекжай балабақшасы
Кіші "Ақбота" тобында өткізген
ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттама №1

Тақырыбы: "«Балабақшаға алғашқы қадам. Баланың балабақшаға бейімделуі»

Топ: «Ақбота» кіші тобы

Күні: «21» сәуір 2025жыл

Қатысқандар: 10 ата-ана

Қатыспағандар: 13 ата-ана

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балабақшаның жаңадан ашылуы және ата-аналармен танысу.
2. Кіші топқа балаларды қабылдау және балабақшаға бейімделу кезеңі.
3. Балалардың күн тәртібі және топтағы ұйымдастырылған іс-әрекеттер.
4. Балалардың денсаулығы, қауіпсіздігі және жеке бас тазалығы.
5. Балабақшаның ішкі тәртіп ережелері.
6. Ата-аналар мен педагогтердің бірлескен жұмысы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Жиналыста жаңадан ашылған балабақшаның жұмыс тәртібімен ата-аналар таныстырылды. Кіші топ балаларының балабақшаға алғаш келуіне байланысты олардың жаңа ортаға бейімделу ерекшеліктері туралы айтылды.

Баланың балабақшаға үйрену кезеңінде ата-ананың қолдауы, педагогпен тығыз байланыста болуы және баланың күн тәртібін сақтауы маңызды екендігі түсіндірілді.

Балалардың тамақтануы, ұйқысы, ойын әрекеті, тазалығы мен қауіпсіздігі туралы ақпарат берілді. Баланың денсаулығында қандай да бір өзгеріс болған жағдайда тәрбиешіге міндетті түрде хабарлау қажеттігі ескертілді.

Ата-аналарға балабақшаның ішкі тәртіп талаптары түсіндіріліп, топтағы тәртіп пен тазалықты сақтауға бірлесіп атсалысу ұсынылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Балалардың балабақшаға бейімделуіне қолайлы жағдай жасалсын.
2. Балабақшаның күн тәртібі мен ішкі тәртіп ережелері сақталсын.
3. Балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі үнемі назарда ұсталсын.
4. Балалардың жеке бас гигиенасына ата-аналар тарапынан көңіл бөлінсін.
5. Ата-аналар мен педагогтер арасында тығыз байланыс орнатылсын.
6. Балалардың жан-жақты дамуы үшін балабақша мен ата-ана бірлесе жұмыс жүргізсін.